



БҰЛАНДЫ АОРАРАТ

№ 9 (511)
06.03.2026

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

Аудан әкімі А. Смайыловтың 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған құттықтауы!

Құрметті ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар, аяулы қарындастар!

Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел затының отбасындағы рөлін айғақтатып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымыздағы Сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар игілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар.

Бүгінгі таңда әйел азаматшалар экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің бел ортасында жүріп, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқалап келеді.

«Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды», - дегендей, әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыруды төл парызымыз деп білемін.

Қымбатты әйелдер, сіздерге ауданның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосып отырған сүбелі үлестеріңіз үшін шынайы алғыс айтқым келеді. Сіздердің өмірлік пайымдарыңыз, еңбексүйгіштіктеріңіз, шыдамдылықтарыңыз, сұлулықтарыңыз, жанқиярлықтарыңыз, мейірімдеріңіз бен адалдықтарыңыз үшін бас иеміз.

Бәріңізге мықты денсаулық, әр отбасыға келісім мен береке, сүйіспеншілік, қуаныш пен бақыт тілеймін!

Ауданымыздың құрметті нәзік жандылары!

Сіздерді әдемі және жарқын мереке - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Бұл күн әйел сұлулығының, күштің, шабыт пен қамқорлықтың символы. Сіз біздің әлемді жылулық пен үйлесімділікке толтыратын, жақындары мен бүкіл қоғамдастық үшін болашақты сүйіспеншілікпен және шыдамдылықпен құратын адамдарсыз.

Сіздерге зор денсаулық, шексіз бақыт, сондай-ақ өмірдегі көптеген жарқын және ұмытылмас сәттер тілеймін. Біздің ауданды дамытуға жұмсаған қамқорлықтарыңыз, даналықтарыңыз және еңбектеріңіз үшін рахмет!

Мереке құтты болсын, қымбатты ханымдар! Әр күн Сіздер үшін осындай ерекше болсын!

Н. СЕКСЕНОВ, аудандық мәслихаттың төрағасы.

Уважаемых виновниц торжества!

Поздравляю вас с прекрасным и светлым праздником - Международным женским днем 8 марта!

Этот день - символ женской красоты, силы, вдохновения и заботы. Вы - те, кто наполняет наш мир теплом и гармонией, кто с любовью и терпением строит будущее для своих близких и всей общины.

Желаю вам крепкого здоровья, безграничного счастья, а также много ярких и незабываемых моментов в жизни. Спасибо за вашу заботу, мудрость и труд, который вы вкладываете в развитие нашего района!

С праздником, дорогие дамы! Пусть каждый день будет для вас таким же особенным, как этот!

Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.

Дорогие представительницы прекрасного пола!

Сегодня замечательный повод выразить вам свои чувства восхищения, признательности и уважения – нашим дорогим и любимым бабушкам, матерям, женам, дочерям и сестрам.

На благодатной буландынской земле женщины трудятся в самых разных сферах и достигают больших успехов, тем самым вносят значительный вклад в ее развитие.

Благодаря инициативе, мудрости, доброте и сострадательности женщин воплощаются в жизнь важнейшие идеи и социальные проекты. Ваш ежедневный труд, активная жизненная позиция и неравнодушное отношение к делу являются важной частью достижений района.

Помимо этого, вы являетесь олицетворением доброты, красоты и нежности. Окружаете близких теплом и заботой, создаете уют домашнего очага и семейную гармонию.

Пусть сбываются все ваши мечты и приносят хорошее настроение! Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья и благополучия!

К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата.

Жүйелі жұмыс – айқын дамудың негізі

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайыловтың төрағалығымен аппараттық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қаралып, бірқатар кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Кеңес басталар алдында аудан басшысы мерейтой иелерін құттықтады. Бұланды ауданының статистика басқармасының басшысы Молдаспаева Гүлнәр Асқарқызы мен Бұланды ауданының Мансап орталығының директоры Сайманбаева Света Жантөреқызын мерейлі 60 жасымен құттықтап, ауданның дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар, аудан әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Каримова Аида Маратқызына туған күніне орай ізгі тілегін жеткізіп, алдағы қызметіне табыс тіледі.

Сондай-ақ, жиын барысында жуырда өткен сайлау қорытындылары да тілге тиек етілді. Ағымдағы жылдың 8 ақпаны күні өткен Макинск қаласы мен Капитоновка ауылдық округі әкімдерінің сайлауында жеңіске жеткен азаматтар жаңа қызметтеріне кірісті. Макинск қаласының әкімі болып Азамат Богдатұлы Алдабергенов, ал Капитоновка ауылдық округінің әкімі болып Шынболат Маратұлы Исмағамбетов тағайындалды. Аудан басшысы оларды жаңа лауазымдарымен құттықтап, жұмыста жеміс тіледі.

Кеңес барысында тағы бір кадрлық өзгеріс таныстырылды. Жаңадан құрылған мобилизациялық дайындық аумақтық және азаматтық қорғаныс бөлімінің басшысы лауазымына Талғат Қайноллаұлы Оразбаев тағайындалды. Ол бұған дейін «Бұланды ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша бас инспектор қызметін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарған.

Күн тәртібіне сәйкес төрт негізгі мәселе қаралды.

Бірінші мәселе – 2026 жылғы 15 наурызға белгіленген республикалық референдумға дайындық барысы және оны ұйымдастыру жұмыстары туралы. Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Манарбек Болатұлы Есенғожин баяндама



жасап, сайлау учаскелерінің дайындығы, комиссия мүшелерін оқыту, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жөнінде кеңінен тоқталды. Аудан әкімі аталған саяси науқанды заң талаптарына сәйкес, ашық әрі әділ өткізу – басты міндет екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Бұланды ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дархан Құрманұлы Омаров 2025 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады. Бюджет кірістерінің орындалуы, салықтық түсімдердің өсу динамикасы, көлеңкелі экономикамен күрес шаралары сөз болды. Сонымен қатар, 2026 жылға арналған міндеттер айқындалып, түсіндіру жұмыстарын күшейту, берешектерді азайту және цифрландыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе – мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2025 жылғы жұмысы және алдағы жоспарлары туралы болды. Бөлім басшысы Серік Төлеутайұлы Шортаев аудан көлемінде өткізілген мәдени-көпшілік іс-шаралар, мемлекеттік тілдің қолданым аясын кеңейту,

бұқаралық спортты дамыту бағытындағы жобаларға тоқталды. 2026 жылы мәдени инфрақұрылымды жетілдіру, жас таланттарды қолдау және спорттық нысандардың жұмысын жандандыру жоспарланып отырғаны айтылды.

Төртінші қарастырылған мәселе – жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс барысы. Аудан әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Бағдат Төлеубекқызы Жұмаділова 2025 жылы келіп түскен өтініштердің саны, мазмұны және олардың орындалу деңгейі туралы баяндады. Өтініштерді уақытылы және сапалы қарау, кері байланысты күшейту – алдағы кезеңдегі негізгі басымдықтардың бірі екені атап өтілді.

Кеңес қорытындысында аудан басшысы жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар беріп, көтерілген мәселелердің барлығы тұрақты бақылауда болатынын жеткізді. Аппараттық кеңес барысында қаралған басымдықтар ауданның алдағы даму жоспарларымен сабақтасып, жүйелі жұмыстың жалғасатынын көрсетті.

А. АМАНЖОЛОВА.



15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

АПТА ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС НЕДЕЛИ

Тіл тағдыры – ортақ мәселе

Бұланды ауданы әкімдігінде Ақмола облысында тіл саясатын дамытуға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын Бұланды ауданында іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын орындау барысы және ономастикалық өзекті мәселелері» тақырыбында облыстық семинар өтті. Маңызды жиын тіл саясатын жүйелі жүзеге асыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және ономастика саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналды.

Іс-шараға Ақмола облысы ішкі саясат басқармасы мен Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығы өкілдері, аудандық бөлім және мекеме басшылары, тіл мамандары мен білім беру ұйымдарының ұстаздары қатысты. Бұл семинар өңірлер арасындағы тәжірибе алмасуға, ортақ мәселелерді талқылап, тиімді шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

Семинар барысында облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы А.Талпақова тіл саясатын іске асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, тұжырымдамада белгіленген негізгі басымдықтарды атап өтті.



Атап айтқанда, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндерінің сауаттылығын қамтамасыз ету, тіл мәдениетін қалыптастыру бағытындағы шаралардың маңыздылығы сөз болды. Сонымен қатар, ономастика саласындағы жүйелілік, тарихи атауларды қалпына келтіру, жер-су атауларының ұлттық болмысқа сай берілуі мәселелері қозғалды.

Аудандық білім бөлімінің бас маманы



А.Тулбаев білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ол мектептерде өткізілетін тілдік байқаулар, зияткерлік сайыстар мен тәрбиелік іс-шаралардың жас ұрпақтың тілге деген құрметін қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды.

Ал, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Серік

Шортаев аудан көлемінде ұйымдастырылған мәдени-көпшілік іс-шаралар, тілдерді оқыту курстары және ономастикалық комиссия жұмысының нәтижелері туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі қолданысын арттыру – тек жауапты мекемелердің ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті.

Семинар аясында қатысушылар тіл саясаты саласындағы өзекті мәселелерге кеңінен тоқталып, тәжірибе алмасты. Көрнекі ақпараттардың заң талаптарына сәйкестігі, ресми құжат айналымындағы тіл нормалары, елді мекендердегі атаулардың тарихи және мәдени негізділігі туралы мазмұнды пікірлер айтылды. Атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, алдағы кезеңге нақты ұсыныстар берілді.

Жиын соңында еркін форматта пікір алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауаптар берілді. Мұндай семинарлар өңірлердегі тіл саясатын жүзеге асыру ісіне серпін беріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған жүйелі жұмысты дамытатыны сөзсіз.

А. АМАНЖОЛОВА.

Открытый формат общения способствует формированию активной гражданской позиции

В детско-юношеской спортивной школе состоялась встреча коллектива учреждения с депутатами Ақмолинского областного маслихата Кларой Мендыбаевой и депутата районного маслихата Нурбеком Секеновым, посвященная обсуждению предстоящих изменений в Конституцию Республики Казахстан. Мероприятие прошло в формате открытого диалога и стало площадкой для конструктивного обмена мнениями по актуальным вопросам развития страны.

В ходе встречи депутаты подробно разъяснили ключевые положения, которые планируется закрепить в новой редакции Основного закона. Он отметил, что предлагаемые изменения направлены на дальнейшую модернизацию политической системы, укрепление принципов справедливости и прозрачности в деятельности государственных органов. Особое внимание было уделено вопросам расширения социальных гарантий, усиления ответственности государственных институтов перед обществом, а также укрепления механизмов защиты прав и свобод граждан.

Спикеры подчеркнули, что проводимые реформы являются логическим продолжением курса на построение справедливого и устойчи-

вого государства. Обновленная Конституция должна стать прочной основой для дальнейшего социального и экономического развития страны, повышения благосостояния населения и укрепления доверия к государственным институтам.

Коллектив спортивной школы активно включился в обсуждение. Педагоги и тренеры задавали вопросы, касающиеся социальных инициатив, поддержки молодежи и развития массового спорта. В ходе диалога были затронуты темы повышения роли гражданского общества, участия населения в принятии решений и значимости правовой культуры.

Коллектив учреждения выразил заинтересованность в обсуждаемой теме и отметил важность подобных встреч, позволяющих получать достоверную информацию из первых уст. По



мнению участников, открытый формат общения способствует формированию активной гражданской позиции и укреплению взаимопонимания между обществом и представителями власти.

В завершение встречи депутаты поблагодарили коллектив спортивной школы за активность и подчеркнули, что мнение каждого гражданина имеет значение в процессе реализации конституционных реформ. Участники выразили уверенность, что обновленный Основной закон станет важным шагом на пути дальнейшего развития страны и укрепления её демократических принципов.

А. АМАНЖОЛОВА.

Ауыл жасөспірімдерінің білімге деген ынтасы ерекше

Қазіргі ақпараттық технология дамыған заманда білім алу мүмкіндігі кеңейгеніне қарамастан, ауылдық жерлерде білім алу мүмкіндіктері қала жастарына қарағанда біршама шектеулі екенін жоққа шығаруға болмайды. Осы себептен ауыл жастары заман талабына сай білім алу үшін үлкен сынаққа душар болып отыр.

Ауыл жасөспірімдерінің білімге деген ынтасы ерекше. Мотивацияға толы бұл жастардың жетістіктері мен білімге қосқан үлестері елеулі. Сонымен қатар, онлайн платформалар мен білім беру курстарының қолжетімді болуы ауыл жасөспірімдеріне өзін-өзі дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Алайда білікті мұғалімдердің жетіспеушілігі мен интернет желісінің баулылығы оқу процесін қиындатады. Кейбір жерлерде техникалық құралдардың жетіспеушілігі де бар. Ауыл жастарының барлығы заманауи техникалық құралдармен қамтамасыз етілмегендіктен, ноутбук немесе тұрақты интернеттің жоқтығы олардың онлайн білім алуына кедергі келтіреді.

Барлық жайтты саралай келе, ауыл жастарына сапалы білім алу үшін тең мүмкіндік жасау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі деген ой айтқым келеді.

Н. БАҚЫТЖАН, Макинск қаласының мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы.

Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинетте толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шарыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қиюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Бюллетень для голосования

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких-либо изменений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан.

Жүректегі мейірім мен кәсіби шеберліктің бірлігі

«Балдәурен» балабақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың тиімді әдістері мен тәжірибелері» тақырыбында аудандық семинар-практикум өз мәресіне жетіп, іс-шараға ауданның педагогтері мен мамандары қатысты.

Семинардың басты мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, инклюзивті білім беруге оң көзқарас қалыптастыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Семинар барысында инклюзивті білім беруді басқару мәселелері; дыбысты түзету жұмыстары («Р» дыбысын автоматтандыру бойынша шеберлік сабағы); құм терапиясын қолдану; балабақшадағы

инклюзивті тәжірибенің жай-күйіне талдау мәселелері қарастырылды.

Аталған семинарда қазақтың «Бескене» ұлттық ойыны бойынша әріптестеріме шеберлік сағатын көрсеттім. «Бескене» ойыны - қазақтың көне әрі танымдық ойындарының бірі. Ол баланың зеректігін және ұсақ моторикасын дамытады. Осындай ұлттық ойындар арқылы біз дәстүрімізді дәріптеп, өскелең ұрпаққа патриоттық рух пен қызығушылық сыйлаймыз. Ойын семинарға қатысушылар арасында үлкен қызуғышылық тудырды.

Шеберлік сағаты барысында ойынның шүгү тарихына, оның тәрбиелік және танымдық маңыздылығына кеңінен тоқталдым. Қатысушыларға ойынның ережесін түсіндіріп, оны ұйымдастыру

жолдарын тәжірибе жүзінде көрсеттім. Әріптестерім өздері де ойынға белсенді қатысып, түрлі әдіс-тәсілдерін талқылады. Бұл өз кезегінде семинардың мазмұнын байытып, тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік берді.

Ұлттық ойындарды білім беру үдерісінде қолдану балалардың логикалық ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін қалыптастырады. Сонымен қатар, мұндай ойындар балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа баулиды. «Бескене» ойынын сабақ барысында тиімді пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыруға болады.

Семинар барысында қатысушылар нақты практикалық ұсынымдар алып, өзара тәжірибе бөлісіп, кәсіби ынтымақтастықтарын нығайтты. Өткізілген іс-шара ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеудің тиімділігін арттыруға және ауданның мектепке дейінгі ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру мен дамытуға өз ықпалын тигізгені сөзсіз.

А. ШАДЕТ, «Балдәурен» балабақшасының «Гүлдер» тобының тәрбиешісі.



Инклюзивті білім беру – бұл тек әдіс емес, ол жүректегі мейірім мен кәсіби шеберліктің бірлігі; әр баланың мүмкіндігін шектеу емес, мүмкіндігін ашу – педагогтың ең үлкен миссиясы. Ерекше білім беруді тиімді іске асыру – әр баланың қабілетін салыстырмай, жеке мүмкіндігін ашуға бағытталған сабырлы жүрек пен кәсіби ізденістің үйлесімі.

ШАПАҒАТ ШАШҚАН КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ

Сердце в профессии, душа в семье

Немало душевных сил и терпения затрачивают педагоги, чтобы научить и воспитать учащихся школ. Тридцать восемь лет проработала на ниве просвещения учитель географии Елена Григорьевна Бежина. Много хороших слов можно сказать о доброжелательной, внимательной, скромной, вежливой женщине.

Она родом из бывшего совхоза «Ергольский». Отец Г. М. Быков ветеран ВОВ, мать Х.К. Быкова работала всю жизнь в разных отраслях сельского хозяйства. Стать учителем - мечта нашей героини с детства. География была любимым школьным предметом. После школы раз и навсегда определила дело всей жизни, поступила в Целиноградское педучилище.

Быстро прошли студенческие годы. Молодого учителя с дипломом об успешном окончании педучилища определили в Вознесенскую школу учителем начальных классов.



Первыми ее наставниками были мастера народного просвещения В.Я. Бурова, М.В. Савченко, З.С. Канскова, Н.Ф. Кузнецова и другие. За короткий срок она сумела завоевать симпатии учащихся и коллег по труду. Педагогическая деятельность стала смыслом ее жизни. Вышла замуж. По службе супруга и по семейным обстоятельствам приходилось работать в Пушкинской, Отрадненской сельских,

городских средних школах № 1, 2. За годы в школах района она зарекомендовала как грамотный, пунктуальный, требовательный педагог. Ее педагогическая миссия отличалась глубоким знанием предмета, умением эффективно организовывать учебно-воспитательную работу в классе и воспитанием у детей чувства коллективизма, трудолюбия. Уроки отличались глубиной содержания, искренней увлеченностью предметом, что способствовало формированию у учащихся устойчивого интереса предмету география.

Мои ученики выросли достойными людьми. Со многими из них поддерживаю связь по интернету, встречаемся в городе. Они выбрали разные профессии и живут, работают в разных странах с семьями. Я счастлива и рада за них, говорит Елена Григорьевна.



Она всегда в поиске новых форм, методов обучения. Вовремя проходила курсы повышения квалификации, выписывает журнал «География в школе», разные учебные пособия, газеты.

Как грамотного специалиста со стажем ее назначили руководителем КМО учителей географии района. На его базе проходили семинары, заседания кустового методического обучения. Делилась своим опытом и знакомила с достижениями своих коллег. В семейной жизни все складывалось замечательно.

Пятьдесят лет прожили душа в душу супруги Александр Иванович и Елена Григорьевна Бежины, воспитали, выучили двух дочерей, дали высшее образование. Старшая дочь Инна по профессии педагог, младшая дочь - врач педиатр, внук Данил - журналист, внучка Анна - ученица 9 класса.

Выход на заслуженный отдых не стал поводом сидеть без дела. Ее дни наполнены делами: нужно побеседовать с внуками, позаботиться о саде, отправиться за лесными ягодами и грибами. Вместе с супругом она активно участвует в казачьем хоре «Благовест», исполняя народные песни, а также выезжает с концертами в соседние населенные пункты, поддерживая живое общение с людьми.

За значительный вклад в развитие образования она была награждена почетными грамотами райОНО, департамента области и республики. Пусть в вашей семейной жизни будет меньше стрессов и волнений, больше хороших мгновений и верных друзей. От всей души поздравляю ветерана педагогического труда Елену Григорьевну с Международным праздником 8 Марта и желаю крепкого здоровья, благополучия, мира, долгой семейной счастливой жизни и всех благ на земле.



**С искренним уважением,
Т. ЖУСУПБЕКОВ, ветеран педагогического труда.**

Жүйелі жұмыс, қажырлы еңбек

Біз, «Балдәурен» тобының ата-аналары, балабақша ұжымына, әсіресе тәрбиешілеріміз Шынар Бағдатқызы, Жұмағұл Жалғасқызына, тәрбиешінің көмекшісі Күлшат Әзілханқызына шынайы алғысымызды білдіреміз. Жуырда 8-наурыз мерекесіне ұйымдастырылған ертеңгілік жоғары деңгейде өтіп, ата-аналар қауымына ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік іс-шара мазмұндық тұрғыдан бай, тәрбиелік мәні зор, ұйымшылдығы мен сахналық мәдениеті үйлесімді болды. Әрбір баланың бойындағы шығармашылық қабілеті ашылып, өнерге деген қызығушылығы айқын көрінді. Балалардың сахнада өзін еркін ұстауы, тақпақтарын мөнерлеп айтуы, ән айтуы, би билеуі - тәрбиешілердің жүйелі еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Сонымен қатар, тәрбиеші көмекшілерінің де еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық. Балалардың киімдерінің ұқыптылығы, сахнаға дер кезінде дайындалуы, жалпы тәртіп пен үйлесімділік - бірлескен жұмыстың жемісі.

Біз үшін баланың тек білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуы, өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы аса маңызды. Осы бағытта аянбай еңбек етіп жүрген «Балдәурен» тобының тәрбиешілеріне ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен мейірімге толы жүректеріңіз - балаларымыздың жарқын болашағына салынған берік негіз.

Еңбектеріңізге табыс, шығармашылық шабыт, мықты денсаулық тілейміз! Балаларымыздың қуанышына ортақ болып, олардың әр жетістігіне бірге куә бола берейік!

«Балдәурен» тобының ата-аналары.



Сұлулықты сөйлеткен шебер: заманауи визажист

Қазіргі қоғамда сұлулық индустриясы қарқынды дамып келеді. Әсіресе визаж өнері - нәзіктік пен талғамды ұштастыратын ерекше сала. Осындай бағытта өз еңбегімен дараланып жүрген жерлесіміз мықты визажист Байдюсенова Қарлығаш Қайратқызы.

Біздің қаламызда 2016 жылдан бері табысты еңбек етіп келе жатқан жас визажист Қарлығаш бүгінде өз ісінің білікті маманына айналды. Жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен тынымсыз еңбегінің арқасында ол көптеген клиенттердің сеніміне ие болды. Кейіпкеріміздің сұлулыққа деген қызығушылығы бала күнінен басталған. Ол айна алдында түрлі образ жасап, бояулардың үйлесімін зерттеуді ұнататын. Уақыт өте келе бұл қызығушылық кәсіби мақсатқа айналды. Ол визажист мамандығын Алматы қаласында арнайы оқып, кәсіби білім алып шыққан. Үлкен қалада жинаған тәжірибесі мен үйренген заманауи әдістері жас маманның шеберлігін шыңдай түсті.

Қарлығаш үшін визаж - жай ғана кәсіп емес, бұл - өнер. Ол әрбір арудың бет-бейнесіндегі табиғи сұлулықты айқындап,



ерекше образ қалыптастыруға мән береді. Әсіресе, қалыңдықтарға арналған нәзік әрі талғампаз макияждары арқылы көпшіліктің ықыласына бөленіп жүр.

Әр клиенттің көңілінен шығу - оның басты қағидасы. Шебер тек қызмет көрсетумен шектелмей, білімін өзгелермен бөлісуді де қолға алған. Бүгінде Қарлығаш визаж өнеріне қызығушылық танытқан қыз-келиндерге арнап арнайы курстар өткізеді. Оқу барысында макияждың қыр-сырын, бет пішініне сай дұрыс бояу техникасын, заманауи трендтерді үйретеді.

Алдағы уақытта Қарлығаштың үлкен мақсаты - өз атындағы заманауи әрі кең сұлулық салонын ашу. Онда визаж қызметімен қатар, шаш сәндеу, тырнақ әрлеу және басқа да сұлулық бағыттары қамтылмақ. Қарлығаш арманына бір қадам жақындап келеді. Бұл арман - оның тынымсыз еңбегі мен табандылығының нәтижесінде жүзеге асары сөзсіз.

Қарлығаштың еңбекқорлығы мен кәсібіне деген сүйіспеншілігі - жастарға үлгі. Осындай өз ісіне адал мамандар қаламыздың дамуына да өз үлесін қосып келеді.

Өзіміздің ақпарат.

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы

Халықаралық 8 наурыз - Әйелдер күні қарсаңында «Балапан» тобында ата-аналарға арналған мерекелік ертеңгілік өтті. Бұл шара аналар мен әжелерге арналған шынайы сыйлыққа айналып, зал іші жылулыққа, қуанышқа және балалардың шат күлкісіне толды.

Мерекенің басты кейіпкерлері - топтың кішкентай тәрбиеленушілері болды. Жастарына қарамастан, балалар мерекелік бағдарламаға үлкен жауапкершілікпен дайындалды. Олар тақпақтар айтып, ән шырқап, би билеп, аналарына жүрекжарды тілектерін арнады.

«Балапан» тобының тәрбиешілері Манет Аманбол және Омирхан Сұңқар, тәрбиешінің көмекшісі Шайзан Гуля мерекені жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін ерекше алғыс білдіреміз.

Осындай тәрбиелік мәні зор ұжымды көктем мерекесімен құттықтай отырып шығармашылық табыс, толағай жетістіктер және алғысқа толы күндер тілейміз!



«Балапан» тобының ата-аналары.

Буланды ауданының Новобратск ауылдық округі әкімінің заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Новобратск ауылдық округінің әкімін сайлауды тағайындау және әкімді сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

2026 жылғы 4 наурыз 31/31

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 2 және 8-1 тармақшаларына, 113-1 бабына сәйкес, Буланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Буланды ауданының Новобратск ауылдық округі әкімінің заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Новобратск ауылдық округінің әкімін сайлау 2026 жылғы 12 сәуірге тағайындалсын.

2. Әкімді сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Буланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және «Bulandy Aqparat» аудандық газетінде жариялансын.

**Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы М. ЕСЕНҒОЖИН.
Аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы А. ҚҰРМАШЕВА.**

О назначении выборов акима Новобратского сельского округа Буландынского района в связи с окончанием установленного законом срока полномочий акима Новобратского сельского округа и об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима

04 марта 2026 г. 31/31

В соответствии с подпунктами 2 и 8-1 статьи 14, статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», Буландынского районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 12 апреля 2026 года выборы акима Новобратского сельского округа Буландынского района в связи с окончанием установленного законом срока полномочий акима Новобратского сельского округа.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима, согласно приложения к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-ресурсе Буландынской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Bulandy Aqparat».

**Председатель территориальной избирательной комиссии М. ЕСЕНҒОЖИН.
Секретарь территориальной избирательной комиссии А. КУРМАШЕВА.**

ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАС ПЕН МЕЙІРІМ КҮНІ

Алғыс – адамдықтың асыл қасиеті

Алғыс айту күніне орай модельдік орталық аудандық кітапхана ұжымы оқырмандарына, серіктестеріне және кітапхананың игі бастамаларына әрқашан қолдау көрсетіп жүрген барша қауымға шынайы ризашылығын білдіреді. Бұл күн – мейірім мен жанашырлықтың, сыйластық пен құрметтің мерекесі. Кітапхана – тек білім ордасы ғана емес, рухани байланысты нығайтатын, адамдарды жақсылыққа жетелейтін мәдени ошақ. Бұланды орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханаларының кітапсүйер қауымның, тұрақты оқырмандар мен демеушілердің, серіктестердің



қолдауы – кітапхана жұмысының алға басына үлкен серпін беріп келеді. Ұжым әрбір оқырманның сенімі мен ықыласын жоғары

бағалайды. Кітапханалар өткізетін мәдени-танымдық шараларға белсене қатысып, рухани жобалардың жүзеге асыуна үлес қосып жүрген жандарға алғыс білдіру – азаматтық парызымыз. Кітапхана ұжымы алдағы уақытта да оқырмандармен тығыз байланыста болып, рухани құндылықтарды насихаттау жолындағы жұмыстарын жалғастыра бермек. Алғыс айту – тек сөз емес, жүректен шыққан шынайы құрметтің белгісі. Барлығыңызға мың алғыс!

Модельдік орталық аудандық кітапхана ұжымы.



Алғысымыз шексіз

Алғыс айту – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол мейірім мен сыйластықты арттырып, қоғамдағы бірлікті нығайтады. Қиын сәтте қолдау көрсеткен жандарға, елдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдіру – үлкен өнеге. Бүгінгі таңда бейбіт өмір мен тұрақтылықты сақтауға атсалысып жүрген ардагерлерге, ұстаздар мен дәрігерлерге, мәдениет пен білім саласының қызметкерлеріне

ризашылығымыз шексіз. Олардың еңбегі – жас ұрпаққа үлгі, болашаққа бағдар. Алғыс айту күні адамдарды жақындастырып, жүректерге жылу сыйлайды. Бір ауыз «рақмет» айтудың өзі үлкен қуанышқа себеп бола алады. Сондықтан бір-бірімізге құрметпен қарап, еңбекті бағалай білейік. Алғысымызды білдіру арқылы қоғамымызды мейірімді, ынтымақты ете түсеміз. № 2 Қалалық кітапханада оқушылармен алғыс

күніне арналған іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында қатысушылар бір-біріне алғыс білдіріп, жылы лебіздерін арнады. Оқушылар тақырыпқа сай өлеңдер оқып, сонымен қатар ой бөлісу, пікір алмасу ұйымдастырылды. Мерекелік шара барысында бейнеролик көрсетіліп, алғыс айту дәстүрінің тәрбиелік мәні түсіндірілді.

Б. МЕРГЕНБАЕВА, № 2 қалалық кітапханасының кітапханашысы.

Басты ниет – жүректегі шынайы ризашылық

Алғыс айту күніне орай Макинск қаласындағы № 2 жалпы білім беретін орта мектепте Модельдік балалар кітапханасының мамандары 5 «А» сынып оқушыларымен жүрекке жылу сыйлаған бейнеролик түсірді.

Бейнероликте оқушылар шынайы сезімдерін білдіріп, өздерінің ең жақын жандарына – ата-аналарына, ұстаздарына, достарына алғыстарын арнады. Әрбір

айтылған «рақмет» сөзі мейірім мен сүйіспеншілікке толы болды.

Бұл шағын бейнеролик — үлкен жүректердің жылуы. Себебі алғыс айту – тек сөз емес, ол адамға қуаныш пен үміт сыйлайтын ерекше сезім.

Алғыс айту күні Қазақстанда жыл сайын 1 наурызда атап өтіледі. Бұл мереке 2016 жылдан бастап ресми түрде бекітілген.

Бұл күн – бір-бірімізге ризашылық білдіру, жақсылық жасаған адамдарға алғыс айту күні. Мерекенің басты мақсаты – елдегі бірлік, достық, татулық пен өзара құрметті нығайту.

Алғыс айту күні адамдар ата-анасына, ұстазына, достарына, әріптестеріне «рақмет» айтып, жылы сөздер арнайды.

Г. НУРКИШЕВА, Ж. КАЛИЕВА, Модельдік балалар кітапханасы.



Тасқын кезеңіне бірге дайындалайық: әр тұрғынның жауапкершілігі – қала қауіпсіздігі

Көктемгі кезеңнің басталуына байланысты Макинск қаласында ықтимал су тасқынына дайындық жұмыстарына ерекше назар аударылуда. Қардың күрт еруі мен еріген сулардың жиналуы жыл сайын тұрғын үйлерді, көшелерді және қалалық инфрақұрылым нысандарын су басу қаупін тудырады. Осыған байланысты қала әкімдігі жеке тұрғын үй иелерін өз аумақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды уақытылы қабылдауға шақырады.

Қарды уақытында тазалау, арық жүйелерінің және су бұру арналарының бітелуі су басу қаупін арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, төтенше жағдайлардың алдын алуға болады, егер әрбір меншік иесі өз аумағын күтіп-ұстауға жауапкершілікпен қараса.

Әрбір меншік иесі не істеуі қажет?

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жеке тұрғын үй иелеріне: тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстардың шатырларын қар мен мұздан уақытылы тазалау; үй аумағындағы қарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру; жер телімі аумағынан және оның бойымен өтетін арықтарды, су бұру арналарын мен науаларды тазалап, еріген сулардың кедергісіз ағуын қамтамасыз ету; іргелес аумақты тиісті санитарлық жағдайда ұстау ұсынылады.

Су бұру жүйелерінің жағдайына ерекше назар аудару қажет. Тіпті ішінара бітелуінің өзі судың жиналуына және ауалар мен көшелердің су басына әкелуі мүмкін.

Неге тыйым салынады?

Қарды жолдың жүру бөлігіне, автомобиль жолдарының жиегіне, тротуарларға, сондай-ақ еріген сулардың ағуына кедергі келтіретін орындарға үйіп қоюға қатаң тыйым салынады. Жолға қар төгу апатты жағдайларға әкеліп соғады, коммуналдық қызметтердің жұмысын қиындатады және Абаттандыру қағидаларын бұзу болып табылады.

Белгіленген талаптарға сәйкес, меншік иелері жер телімінің шекарасынан кемінде 5 метр қашықтықтағы іргелес аумақты күтіп-ұстауға міндетті.

Жауапкершілік және қауіпсіздік

Көрсетілген талаптарды сақтамау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады. Алайда негізгі мақсат – жаза қолдану емес, төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтардың өмірі мен мүлкін қорғау.

Тасқын кезеңіне дайындық – жергілікті атқарушы органдар мен әрбір тұрғынның ортақ міндеті. Бірлескен күш-жігер арқылы ғана көктемгі кезеңді қауіпсіз өткізіп, қаладағы тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз.

Қала әкімдігі барлық тұрғындарды аталған талаптарды жауапкершілікпен орындап, тасқын кезеңіне дайындық шараларын уақытылы қабылдауға шақырады. Қаламыздың қауіпсіздігі – әрқайсымыздың қолымызда.

«Макинск қаласы әкімінің аппараты» ММ.

Готовимся к паводку вместе: ответственность каждого – безопасность города

С наступлением весеннего периода в городе Макинске особое внимание уделяется подготовке к возможному паводку. Резкое таяние снега и образование талых вод ежегодно создают риски

подтопления жилых домов, улиц и объектов инфраструктуры. В этой связи акимат города обращается к жителям частного сектора с призывом своевременно принять необходимые меры по обеспечению безопасности своих домовладений.

Несвоевременная уборка снега, засорение арычной системы и водоотводных канав значительно увеличивают вероятность подтопления. Практика показывает, что большинство чрезвычайных ситуаций можно предотвратить при условии ответственного отношения собственников к содержанию своей территории.

Что необходимо сделать каждому собственнику?

В целях предотвращения чрезвычайных ситуаций жителям частных домовладений рекомендуется: своевременно очищать кровли жилых домов и хозяйственных построек от снега и наледи; организовать вывоз снега с территории домовладения; очищать арыки, водоотводные каналы

и лотки, проходящие по территории участка и вдоль него, обеспечивая беспрепятственный проход талых вод; поддерживать в надлежащем санитарном состоянии прилегающую территорию.

Особое внимание следует уделить состоянию водоотводных систем. Даже частичное засорение может привести к скоплению воды и подтоплению дворов и улиц.

Что запрещено?

Категорически запрещается складирование снега на проезжей части, обочинах автомобильных дорог, тротуарах, а также в местах, препятствующих отводу талых вод. Сброс снега на дорожку создает аварийные ситуации, затрудняет работу коммунальных служб и является нарушением Правил благоустройства.

Согласно установленным требованиям, собственники обязаны обеспечивать содержание прилегающей территории на расстоянии не менее пяти метров от границы земельного участка.

Ответственность и безопасность Несоблюдение правил благоустройства влечёт ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. Однако главная цель данных требований – не применение мер воздействия, а предупреждение чрезвычайных ситуаций и защита имущества и жизни граждан.

Подготовка к паводковому периоду – это общая задача органов местной власти и каждого жителя города. Только совместными усилиями можно обеспечить безопасное прохождение весеннего периода и сохранить стабильную обстановку в Макинске.

Акимат города призывает всех жителей ответственно отнестись к выполнению данных требований и своевременно принять необходимые меры. Безопасность нашего города – в руках каждого из нас.

ГУ «Аппарат акима г. Макинска».



ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ ДЛИННОЮ В 40 ЛЕТ

Уважаемые участники ингушского народного ансамбля «Сердало»!

От всей души поздравляю вас с 40-летним юбилеем! Желаю здоровья, упорства, терпения, и сил. Желаю призовых мест на конкурсах и достойных побед в соревнованиях. Пусть танец будет для вас всегда источником радости, и помните, что танец - это не только искусство, но и способ выражать свои чувства и мечты. Пусть ваше будущее будет наполнено не только успехами, но и истинным удовольствием, от того, что вы делаете. Сколько сил, времени и эмоций вы вложили в каждую репетицию и каждое выступление! Ваша преданность делу и стремление к совершенству не могут не вдохновлять. Вы доказали, что нет преград, которую нельзя преодолеть, если верить в себя и работать усердно. Я уверен, что впереди у вас много интересных проектов и новых побед, и я горжусь каждым из вас. Поздравляю вас и желаю, чтобы каждое ваше выступление оставляло незабываемый след в сердцах зрителей!

А. КЕНЖЕГАЛИЕВ, директор ГККП «Буландынский Районный дом культуры».

Дорогие Раиса Тугановна, Тамара Мустафаевна и наш замечательный коллектив «Сердало», поздравляю вас с сорокалетним юбилеем!

Каждый из вас стал для меня настоящим близким человеком. Благодарю за невероятный заряд положительных эмоций и ту душевную теплоту, которой мы постоянно обменивались.

Трудно подобрать слова, чтобы передать какое вдохновение дарят наши танцы и нам самим и зрителям - это наше общее большое достижение.

Я искренне верю в ваше будущее и желаю всему нынешнему коллективу дальнейшего процветания, творческого роста, терпения и блестящих перспектив.

**Выпускница 2019 года
Зарина Андронюк, г. Кокшетау.**



Загиева Лора, Яндиев Султан, Хутиева Милана, Цулов Мовсар, Даскиева Зейнап, Марченко Виктория, Цулова Фатима, Евлов Башир, Яндиев Магамед, Затула Ангелина, Вазилова Надежда, Андронюк Зарина, Маликов Дамир, Евлов Мустафа, Албагачиев Исмаил, Гагиев Беслан, Оздоев Абу, Плюсова Валерия

Дорогой наш ансамбль «Сердало»! Поздравляю с юбилеем!

Вы своими зажигательными танцами несете нам много счастья. Так продолжайте трудиться с такой же силой и с прежним огнем, чтобы нести радость всему миру. Вы совершили немало побед, показали много танцев, и пусть они будут все краше и краше, вы дарите всем настроение. Я смотрю вас всегда и не могу налюбоваться. Желаю вам двигаться только вперед к победе, пусть всегда сопутствует вам удача!

Поздравляю и обнимаю всех!

**Елена Бабова, родительница выпускника
2024 года Султана Назымбекова.**

Я большая поклонница ансамбля «Сердало», хотя мои дети не посещали его.

Это самый веселый, яркий, самый лучший и любимый ансамбль, который уже долгие годы существует в нашем городе.

«Сердало» - это моя вторая семья, спасибо вам за эту энергию и позитив. Не хватит слов, чтобы описать, как сильно ваши танцы вдохновляют меня. Это огромная заслуга руководителей Раисы Тугановны и Тамары Мустафаевны - сразу видно, что работают профессионалы. Желаем удачи и терпения!

Процветайте и продолжайте радовать наш мир восхитительными номерами!

Поклонница творчества ансамбля Светлана Валендер.



Белокиева Аза, Цицкиева Малика, Биктимирова Анастасия, Мальсагова Таисия, Албагачиева Карина, Мальсагова Зарина, Погребной Александр, Маликова Венера, Яндиева Лейла, Мезиева Мадина, Белокиева Лейла, Турдыева Зарина, Хаутиева Мадина, Оздоева Зарема, Хаутиев Руслан, Аксагова Фариза, Батаев Аслан, Ваксова Алина

Поколения сменяют друг друга, но дух ансамбля остается неизменным уже сорок лет: он объединяет тех, кто однажды выбрал танец как способ выразить внутренний огонь, искру, которая раз за разом находила выход к сцене, где воедино сливались музыка, движение и характер. Есть места, где традиции не просто хранятся - ими живут.

И когда-то давно я нашел такое место, где все для меня началось с первого шага и счета раз, два, три. А теперь я выпускник и для меня этот ансамбль стал не просто школой танца, а настоящей школой жизни, дисциплины и уважения к традициям.

Я говорю своим педагогам - руководителю Раисе Тугановне Гагиевой и хореографу Тамаре Веджижевой, а также всем поколениям участников огромный «Баркал» - спасибо за сохранение культуры и духа и преемственности.

Я желаю ансамблю дальнейшего развития вдохновения и еще очень много ярких юбилеев!

**Выпускник 2018 года
Башир Евлов.**



Цечоев Акрамат, Гуляев Артём, Цечоев Залимхан, Максименко Анастасия, Дегтярёва Анастасия, Цечоев Дауд, Попова Дарья, Маликова Альбина, Акиева Зарина, Бекботов Увейс, Измайлова Малика, Оздоев Амир, Оздоева Хава, Оздоева Айна, Бекботова Роза, Цечоева Амина, Тачиев Магамед, Чернега Николай

Дорогие Раиса Тугановна и Тамара Мустафаевна!

Поздравляю Вас и всех нас с юбилеем нашего ансамбля «Сердало»!

Я искренне рада, что нахожусь в ансамбле, где каждый день мы учимся не только танцевать, но и верить в себя, вдохновляться и стремиться к новым вершинам.

Благодаря вам наш коллектив становится настоящей семьей, где царит поддержка, дружба и творческая атмосфера.

Спасибо вам за вашу заботу, терпение и мудрость, за то, что умеете видеть в каждом из нас лучшие стороны и вдохновлять на новые достижения. Ваш талант, энергия и любовь к своему делу делают каждый наш танец особенным и незабываемым.

Пусть впереди будут только радостные моменты, успехи, творческие победы и множество ярких впечатлений. Пусть каждый день дарит улыбки, тепло близких, благодарность за все, что вы делаете для нас.

С глубоким уважением и благодарностью, участница ингушского народного ансамбля Сердало Варвара Лысенко, 2026 год.

Уважаемые Раиса Тугановна и Тамара Мустафаевна!

Примите самые теплые слова в честь юбилея нашего замечательного ансамбля «Сердало»!

Пусть этот великолепный праздник принесет массу ярких впечатлений, приятных сюрпризов и искренних эмоций.

Желаю вам всегда стремиться к новым высотам, уверенно идти к победам и добиваться громкого признания. Пусть ваши блистательные выступления и дальше восхищают публику, а коллектив еще больше процветает.

Выпускница 2018 года Анастасия Максименко г. Макинск.

Уважаемые Раиса Тугановна и Тамара Мустафаевна!

Примите сердечные поздравления с юбилеем нашего прекрасного ансамбля «Сердало»!

Пусть в его рядах всегда будут смелые и энергичные участники. Искренне желаю, чтобы никакие трудности не становились преградой на вашем пути. Крепкого здоровья вам, настойчивости и выдержки. Пусть впереди ждут только заслуженные победы и призовые места на всех конкурсах. Желаю вам незабываемых выступлений и блистательных номеров!

Выпускница 2018 года Валерия Плюсова г. Макинск.

ДОРОГИЕ МОИ ЛЮБИМЫЕ УЧАСТНИКИ АНСАМБЛЯ!

Принимайте поздравленья
В этот праздничный момент!
С круглой датой поздравляю
И новых вам высот желаю,
Чтоб восторгом зал взорвал,

Слышали вы крики браво.
Пусть гремит от восхищенья
Зал под шквал аплодисментов.
Пусть огни сияют ярко,
Сцена в добрый путь влечет.

И в награду за таланты
Вас триумф повсюду ждёт!

**С уважением, руководители
ингушского народного ансамбля
«Сердало» Р. Гагиева и Т. Веджижева.**

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ – СФЕРА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Скрининговое обследование

Скрининг - это профилактический медицинский осмотр здоровых лиц определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях. Скрининговые обследования помогают выявить заболевание на ранней стадии или предрасположенность к нему, подобрать оптимальное лечение и назначить комплекс профилактических мер.

Описание

С помощью скринингового обследования выявляют лиц, которым необходимо дополнительное медицинское вмешательство. Чаще всего целью является улучшение состояния здоровья обследованных. Также существует антенатальный скрининг, проводимый в период беременности, который заключается в выявлении генетической патологии у плода.

Скрининговая диагностика не бывает точна на 100 %, однако указывает на вероятность наличия или отсутствия патологии. При выявлении положительных/подозрительных результатов обследуемый направляется к врачу для углубленного обследования, возможного установления диагноза и лечения.

Цели скрининговой диагностики

Общие цели скрининга включают следующие:

